

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ХАТТАМА №4

Өткізілген күні: «28» мамыр 2026 жыл

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025-2026 оқу жылына қорытынды есеп, ұсыныстар дайындау және талдау.

2. Үлгілі педагогтердің оң тәжірибені насихаттау.

I. ТЫҢДАЛДЫ: 2025-2026 оқу жылына қорытынды есеп, ұсыныстар дайындау және талдау. Педагогикалық кеңес төрағасы 2025-2026 оқу жылы бойынша Педагогикалық әдеп кеңесінің атқарған жұмыстарының қорытынды есебі тыңдалды. Есепте жыл бойы өткізілген іс-шаралар, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бағытында жүргізілген жұмыстар, қаралған хаттар мен өтініштер, әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарына жүргізілген мониторинг нәтижелері қамтылды. Кеңес мүшелері атқарылған жұмыстарға талдау жасап, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша жүргізілген іс-шаралардың тиімділігін талқылады. Сонымен қатар келесі оқу жылына арналған ұсыныстар қарастырылып, жұмыс сапасын арттыру бағытындағы міндеттер айқындалды.

СӨЙЛЕДІ: Кеңес мүшелері 2025-2026 оқу жылында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша бірқатар жұмыстар атқарылғанын атап өтті. Сонымен қатар келесі оқу жылында жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында келесі ұсыныстар енгізілді:

- педагогтер арасында педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу;
- педагогикалық этика және педагогикалық мәдениет мәселелері бойынша семинарлар, дөңгелек үстелдер мен тренингтер ұйымдастыруды көбейту;
- жас мамандарға педагогикалық әдеп талаптарын түсіндіру бойынша тәлімгерлік жұмыстарды күшейту;
- ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар өткізу;
- әлеуметтік желілерде педагогтің кәсіби беделін сақтауға қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- педагогикалық әдеп қағидаларын бұзудың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды күшейту;
- ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды көптеп ұйымдастыру;

II. ТЫҢДАЛДЫ: Үлгілі педагогтерді марапаттау, оң тәжірибені насихаттау мәселесі қаралды. Кеңес отырысында оқу жылы ішінде педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауда, кәсіби мәдениетті қалыптастыруда, ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал орнатуда және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас жасауда үлгі көрсеткен педагогтердің қызметі талқыланды.

Педагогтердің кәсіби жетістіктері, шығармашылық белсенділігі, білім беру ұйымының қоғамдық өміріне қосқан үлесі және педагогикалық әдеп талаптарын сақтау деңгейі назарға

алынды. Сонымен қатар ұжымда озық педагогикалық тәжірибені тарату және жас мамандарға үлгі ету мәселелері қарастырылды

СӨЙЛЕДІ: Кеңес мүшелері үлгілі педагогтердің оң тәжірибесін насихаттау ұжымдағы кәсіби мәдениетті арттыруға ықпал ететінін атап өтті. Педагогтердің жетістіктерін насихаттау арқылы педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға ынталандыру қажет екендігі айтылып, педагогтер марапатталды.

1.Карабалаева Т.Н.

2.Нургалиева Ж.К.

3.Ботбаева А.А.

4.Ешімқұл Р.С.

5.Мамбетова А.Т.

ШЕШІМІ:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған қорытынды есеп бекітілсін.

- Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.

- Жоғарыда аталған ұсыныстар 2026-2027 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарына енгізілсін.

- Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау және оның алдын алу шаралары тұрақты бақылауда ұсталсын.

- Әдеп кеңесінің қызметі бойынша жыл сайын қорытынды талдау жүргізіліп отырсын.

2. Педагогикалық әдеп қағидаларын үлгілі сақтаған педагогтерді марапаттауға ұсыну.

- Үлгілі педагогтердің оң тәжірибесін педагогикалық кеңестерде, әдістемелік отырыстарда және басқа да іс-шараларда насихаттау.

- Педагогтердің кәсіби жетістіктері туралы ақпаратты ұйымның ақпараттық ресурстарында жариялап отыру.

- Жас мамандар арасында үлгілі педагогтердің тәжірибесін тарату жұмыстарын ұйымдастыру.

- Үлгілі педагогтерді ынталандыру жұмыстарын келесі оқу жылында жалғастыру.

Төраға:



Хатшы:

